

Ветеринарлық мектеп Халықаралық жазғы мектеп қатысушылары арасында 1 орынды жеңіп алды

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде «Халықаралық жазғы мектеп – 2024» тыңдаушылары өткен сенбі күні Sport Fest жарысына белсене қатысты. Бұл спорттық іс-шара биыл Парижде өтетін Жазғы Олимпиада ойындарының құрметіне арналды.

2024 жылдың 8 маусымында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде өтіп жатқан Халықаралық жазғы мектеп қатысушылары арасында спорттық ойындар түрінен сайыс ұйымдастырылып, Ветеринария мектебі 1-орынды жеңіп алды. Алыс-жақын шетелден келген білім алушылар белсене қатысып, көңілді тарысты жарыс өтті. Ветеринария мектебінің барлық қатысушыларын жеңістерімен құттықтаймыз!!!



